

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
II 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаявна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор;

Исмуратова Галия Суиндиковна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, доктор экономических наук, профессор;

Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Маратқызы Марал,

1 курс магистранты

ғылыми жетекші: Өтегенова Бибикуль Мазановна,

п.ф.к., педагогика және психология

кафедрасының профессоры А.Байтурсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан

Аннотация

Мақалада зерттеу қызметіне қабілетті дамыған тұлғаны қалыптастыру кезінде жаңартылған оқыту әдісін қолдану мәселесі қарастырылады. Ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығы атап өтті. Мектеп оқушыларының жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру процесінде танымдық және зерттеу қабілеттерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: зерттеу, дағды, талпыну, ұмтылыс, бейімделу, жаңашылдық, шығармашылық қабілет.

Аннотация

В статье рассмотрена проблема использования обновленного метода обучения при формировании развитой личности, способной к исследовательской деятельности. Отмечена важность создания благоприятной атмосферы для развития творческих способностей школьников, занимающейся исследовательской деятельностью. Уделено особое внимание изучению познавательных и исследовательских способностей школьников в процессе формирования всесторонне развитой личности.

Ключевые слова: исследование, способность, старание, привычка, новаторство, творческое дарование.

Abstract

The article considers the use of the updated teaching method in the formation of a developed personality capable of research activities. The importance of creating a favorable atmosphere for the development of creative abilities of schoolchildren engaged in research activities was noted. Particular attention is paid to the study of cognitive and research abilities of schoolchildren in the process of forming a comprehensively developed personality.

Key words: research, ability, diligence, habit, innovation, creative talent.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген. Аталған маңызды құжатта ең бірінші мақсат – қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп атап көрсетілген. [1, 496]. Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Біздің міндетіміз дүниежүзіндегі жаңалықтармен, жауапкершілік, ерік күш сезімдерін сіңіру, яғни олардың дамуына үлкен мән беру. Ал дамудың негізі – білімде. Білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының дербестігін, іздемпаздығын, белсенділігін мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктіліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Мектеп оқушысы жаңаша өмір сүріп қоймай, қоғамның әлеуметтік, құқықтық, экономикалық нормаларын меңгере отырып, қоғам мен тығыз байланыста болуын дамыту. Жүсіпбек Аймауытов «Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болуы керек», – деп баса көрсеткен болатын. Жалпы ұлттық деңгейдегі жалпы орта білім берудің басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындау. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға деп өмірдің қай саласында болмасын еркін де нақты, жауапкершілік пен ойлайтын, әр түрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптасқан тұлғаны айтамыз. Сондықтан бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін зерттеу – ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан бастау қажет.

Жалпы білім берудің басты мақсатының бірі – құзыретті тұлғаны дамыту болса, күтілетін нәтиженің бірі – мәдениеттанымдық құзырет. Ол дегеніміз – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық

ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзінің халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну. [2, 116].

Оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып табылады. «Зерттеу» түсінігі үлкен кеңес энциклопедиясында «Жаңа білім алу процесі және танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылады» делінген. Сонымен зерттеу әдістерін мынандай топтамада қарауға болады: теориялық әдістер – қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу, проблема қою; болжам жасау және операция әдістері – талдау, сүзгілеу, салыстыру, абстракциялау және нақтылау; эмпирикалық әдістер: танымдық іс-әрекеттер зерттеу, мониторинг, бақылау, сұрақ қою, тестілеу. Зерттеуді өткізу уақыты екі кезеңнен тұрады: теориялық кезең – әдебиеттерді талдау және жүйелеу, түйсік аппаратын жетілдіру, зерттеудің теориялық бөлігінің логикалық құрылымын жасау және эмпирикалық кезең – тәжірибелік – эксперименттік жұмыс жүргізу. Оқушының әрекеті зерттеушілік әрекет болуы үшін зерттеудің проблемасы мен тақырыбын анықтап, нақты мақсаттар қоя білу керек. Оқушылар ғылыми зерттеудің әдістерін, формаларын, принциптерін үйренуі тиіс. Педагогикалық зерттеу әдістері бұл – мұғалім жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, білім беру, дамыту, қалыптастыру кезінде солардың көмегіне жүгінетін әдіс – тәсілдер. Білімді жинақтаудың көптеген әдістері бар. Соның ішінде дәстүрлілерін атап өтейік (эмпирикалық) және жаңалары (эксперименталдық, теориялық).

Дәстүрлі әдістер бұл – қазіргі педагогикаға ертеден педагогикалық ғылымның бастауы болған зерттеушілерден мұра болып келген әдістер. Ол кезінде Платон және Квинтилиан, Коменский және Песталоцци қолданған, қазірдің өзінде ғылымда пайдаланылып келе жатқан әдістер. Дәстүрлі әдістерге жататындар: бақылау жүргізу, озық тәжірибені, алғашқы ақпарат көздерін зерделеу, мектеп құжатына талдау жасау, оқушылар шығармашылығының өнімдерін, әңгімелерін зерттеу. Бақылау жүргізу – зерттеудің педагогикалық практикадағы неғұрлым қолжетімді және кең тараған әдісі. Ғылыми бақылау жүргізу ұғымында арнайы ұйымдастырылған нысанды қабылдай білу, үрдіс немесе жаратылыстың ұғымы жатыр. Ғылыми бақылау жүргізу күнделікті, тұрмыстықтан анағұрлым айырмашылығы бар. Оның басты айырмашылықтары:

1) міндеттері анықталады, нысандары айқындалады, бақылау жүргізудің схемасы жасалады;

2) нәтижелері міндетті түрде жазылып отырады;

3) алынған мәліметтер өңделеді, бұрын белгілі болған мәліметтермен салыстырылады және өзге әдістермен қайта тексеріледі. Неғұрлым тиімдірек болу үшін, бақылау жүргізу ұзақ, жүйелі, жан – жақты, объективті және қоғамдық болу керек. Бақылау жүргізу әдісінің маңыздылығын, оның қолжетімділігін және кең таралғандығын айта отырып, сонмен бірге оның кемшіліктерін де атап өткен жөн, демек: ол педагогикалық жаратылыстардың ішкі жақтарын қамтамасыз ете алмайды, ол дегеніміз, ақпараттың толық объективтілігін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан бақылау жүргізу көбінесе зерттеудің бастапқы кезеңдерінде өзге тәсілдермен үйлестіріле қолданылады. Тәжірибені зерттеу – педагогикалық зерттеудің бұрыннан қолданылып келе жатқан әдісі. Ол оқу – тәрбиесі жүйесіндегі тәрбиелеудің тарихи байланыстарын анықтауға, ортағын іріктеуге бағытталған танымдық ұйымдастырылған әдісті білдіреді. Оның көмегімен нақты мәселелерді шешу жолдары талданады, оларды жаңа тарихи жағдайларда қолданудың мақсаттылығы жайлы салмақталған қорытындылары шығарылады. Сондықтан аталған әдісті тарихи немесе мұрағатты деп те атайды, ол алғашқы ақпарат көздері әдістерімен тығыз байланыста. Көне жазба ескерткіштері, заң актілері, жобалар, циркулярлар, есептер, баяндамалар, қаулылар, съезд және конференция материалдары; оқу және тәрбие бағдарламалары, жарғылар, кітаптар, сабақ кестелері тыңғылықты ғылыми талдауға жатады. Бір сөзбен айтқанда – жаратылуды, қандай да бір мәселенің бастауы мен динамикасын түсінуге көмек беретін материалдар.

Шығармашыл еңбек ететін мұғалімдердің немесе жеке мұғалімдердің озық тәжірибесін зерделеу де орын алады. Педагогикада басты болып қалыптасқан көзқарасқа сыни тұрғыда қараған озық педагогикалық тәжірибе мысалдарын келтіруге болады, даусыз мәселе болып көрінетін сұрақтарды шешуге жаңаша көзқараста қарау. Зерттеу әдістерін қолдану дегеніміз – мәселелі міндеттерді анықтау, шығарманың сыни талдауын жасау ұсынысы, тәжірибе жүргізу және т.б. Бұл әдіс тиімділігінің басты шарты – зерттеу кезеңдері мен сатыларындағы оқушының өздігінен жұмыс жасауы, ол келесі танымдық әрекеттерді орындаудан тұрады: деректер мен жаратылыстарға бақылау жасау мен зерделеу; гипотеза ұсыну; зерттеу жоспарын жасау және оны жүзеге асыру; зерттеу нәтижелерін жинақтау; алынған нәтижелерге бақылау жүргізу және тексеру, оның маңыздылығына баға беру. Зерттеушілік дағды кезінде мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда жағымды шарттарды құру маңыздылығы зор, оның ішінде аса ерекшеленетіндері: оқушыларға олардың шығармашылық зерттеушілік дағдылардың мағынасын сезінуге көмектесетін мотивацияланулары, өзіндік жүзеге асыру мен жетілу мүмкіндіктері, мақсатты бағыттылық және жүйелілік, шығармашылық орта, психологиялық жайлылық, педагогтың тұлғасы және жас ерекшеліктерін есепке алу, өйткені зерттеушілік дағдыларға оқыту балалардың қабылдауы қолжетімді деңгейде жүзеге асырылу қажет, ал зерттеудің өзі қызықты және пайдалы болуы тиіс.

Зерттеу әдісі – өзінің жеке шығармашылық және зерттеушілік дағдылары арқылы білім алу жолы. Оның негізгі салыстырмалылары – проблемаларды анықтау, болжамдарды жасау және тізбек-

теу, бақылау, тәжірибелер, сонымен қатар солардың негізінде жасалған ойлар мен талқылаулар. Оқыту кезінде зерттеушілік әдістерді қолдану барысында ауыртпалық ортасы шынайылықтың деректері мен оның талдауларына ауады. Зерттеуге қызығушылық оқушылар өздігінен кейбір қиындықтарды үнемі шеше алмау салдарынан жоғалып кетуі мүмкін. Осы жерде оларға көмекке мұғалім келе алады. Мұғалімнің міндеті нені қалай жасау керектігін айтып беру емес, пайда болған мәселені оқушының өзі шеше алатындай жол көрсету. Ол оқушының мотивациясын ғана сақтап қоймай, тіпті оны жоғарылатуға ықпал етеді. Зерттеушілік дағдыларды ұйымдастыру кезінде ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың (АКТ) апар орны ерекше.

АКТ зерттеушілік дағдылар жұмысы барысында және сабақтарда жобалау технологиясын жүзеге асыруда кеңінен қолдану көздерін тарту үшін қажет. Ақпараттық технологиялар зерттеу жұмыстарына қосымша мүмкіндіктер береді, олар жұмысты неғұрлым толығырақ, жан – жақты, көрнекі және жарқын етеді. Қазіргі кезде оқыту қоғамда үлкен қызығушылықты тудырады. Оқыту материалын нәтижелі меңгеру негізінде танымдық қызығушылық жатыр. Егер оқушылар тарапынан бақылау жасауға, тәжірибелер қоюға жағдайлар жасалып отырса, ол үнемі оқыту әрекетіне ілесіп отырады. Олардың негізінде төменгі сынып оқушылары өздерінің жеке ойлары мен қорытындыларын жасай алады. Мұғалімнің міндеті оқушылардың шығармашылық идеяларын қолдау және бағыттап отыру. Жас ерекшеліктерін ескеру. Зерттеу шама жетерлік және қызықты болу керек.

Оқушы «Мен – білім» деген жеке тұлғалықты ашады, оған маңызды болып келетін проблемалық жағдаятта оқушы қажеттілік туындататын «Неге?», «Неге олай болды?», «Ал егер..?» деген қажеттілік сұрақтары мен ұғымдарын білуге құштар болады. Оқушы зерделеніп жатқан нысанға жан-жақты қарап үйренеді. Мұғалім алдында күрделі міндет бар: кіші мектеп оқушысын өзіне сұрақ қоюға, таңқалуға үйрету, сондықтан ол оның танымдық белсенділігін дамыта түседі. Одан кейін болжамдық ақыл – ой дамытудың жағдайы туындайды. Гипотеза – ой ізденуінің, ой салу мен талқылаулардың тәсілдері болып табылады. Оқушы өз еркімен нұсқалар, ұсыныстар жасап, біртіндеп бойында дәлелдеу мен негіздеу қабілеттерін дамыта бастайды. Мұғалімнің алдында тұрған міндет – бір қатарлы емес шешімі бар тапсырмаларды іріктеу, қосымша ақпаратты талап ететін «қақпандар» қажет. Ерекше орында оқушының жаңа білімге деген құштарлығын, әрекет тәсілдерін туғызатын толық берілмеген мәтіндер болады. Жоғарғы мотивация тек қана эмоционалдық кірігуді ғана емес, оның оңды өсуін де қамтамасыз етеді. Өртүрлі болжамдарды талқылау қызығушылығы тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға, оқушылар арасындағы әлеуметтік байланыс орнатуға ықпалын тигізеді. Даму үшін үлкен маңызға рефлексия қабілеті ие. Рефлексия анықталады: белгіліні белгісізден айыра білу; сәтті жұмыс үшін қандай білімнің қажет екенін айыра білу қабілеттері; өзінің көзқарасында жалғыз ғана мүмкін болу деп санамай, өзінің ойлары мен әрекеттерді «шеттен» қарастыра білу білігі, бірақ өзге адамдардың ойлары мен әрекеттерін сынға қатты алмай бағалай білу. Бұл өзгерістер өздігінен бақылау – бағалау оқыту әрекеттерімен байланысты. Өзін – өзі бақылау оқушыны жасап жатқан жұмысына жауапкершілікпен қарауға ынталандырады. [3, 37-39б]

Зерттеумен айналысу оқушының жеке және шығармашылық қабілеттері мен зерттеу, ойлау дағдыларын дамытады және оқушы өзі үшін «жаңалық» ашады. Зерттеу әрекеті баланы дамытады және ол шығармашылық арқылы көрініс табады. Зерттеу дағдысын қалыптастыру психологтардың айтуы бойынша жеке тұлғаның өзін – өзі дамыту мен дамуы үшін өте маңызды. Оқушының зерттеушілік дағдысының қалыптаспауы тұлғаның кез келген қиындықты жеңе алмауына, мәселені шешудегі дәрменсіздікке әкеледі. Оқушының қабілетін айтпаса, дамытпаса өз мүмкіндігінен төмен оқуына әкеп соғады. Зерттеу жұмысы күнделікті қолданыста көбінде жаңа білімді меңгеру үрдісі, яғни адамның танымдық әрекетінің бірі ретінде түсініледі. Білім берудің теориясы мен практикасы көз қарасынан қарағанда ғылыми зерттеу қызуғышылық туғызады. Себебі оқушы табиғатынан зерттеуші, ал зерттеу ізденімпаздығы – табиғи қасиет. Зерттеу белсенділігі – оқушының мінез құлқының табиғи қасиеті. Оқушыға табиғатынан берілген белсенділік оның зерттеу әрекетінің негізін құрайды. Оқушыны жастайынан зерттеушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен біліктілігін игерту бүгінгі білім беру ісінің маңызды міндеті. Зерттеу, зерттеу тәртібі, зерттеу қызметі түсінігі туралы ғалымдар А.И.Совенков, Н.Б.Шуманова, Н.И.Дереклеева, У.Б.Жексенбаевалардың еңбектерімен танысу арқылы білуге болады.

Сондай - ақ оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы толық мағлұмат береді. Ғылыми зерттеуге үйрету – оқытудың ерекше тәсілі оқушының өз бетімен қоршаған ортаны танып білуіне деген табиғи талпынысы. Зерттеуге үйретудің басты мақсаты – адам өмірінің кез келген саласындағы жаңа тәсілді өз бетімен шығармашылықпен меңгерудегі оқушының қабілеттілігі мен даярлығы. Зерттеу жұмысын ұйымдастыру нәтижесі – оқушының шығармашылық қабілетін дамыту, оның білім, біліктілігін зерттеу дағдысын қалыптастыру. Зерттеу жұмысында екі нәтиже болады. [4, 6-7б]

Біріншісі оқушының даярлаған еңбегі – баяндамасы, есебі, екіншісі педагогикалық нәтижесі – ол өз бетіндік, шығармашыл, зерттеу жұмысын жүргізудің тәжірибесін жинақтау болып табылады. Оқушыларды зерттеуге үйретудің мақсаты: оқушылардың зерттеу қабілеттерін жетілдіру арқылы тұлға ретінде жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту. Ол оқу әрекеті кезінде ғылыми ұғымдар білімдерін меңгеру кезінде оқушының қызығушылығын арттырады. Құрылған ұғымдар оқушылар

тарапынан неғұрлым жақсы меңгерілген болса, оларға соғұрлым талқылаулары мен ойларын құру жеңіл болады, сонымен қатар, шығармашылық ойлауларымен байланысты негіздері де соғұрлым жетілген болады. Білімге жүйелі түрде қарау базалық ұғымдар құрылымының қалыптасуына ықпал етеді, оқушы оны ары қарай өзінің тәжірибелік әрекеттерінде қолданады.

Зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін сабақтарда белсенді түрде танымдық және қызықты тапсырмалар қолданылады. Зерттеумен айналысу оқушының жеке және шығармашылық қабілеттері мен зерттеу, ойлау дағдыларын дамытады және оқушы өзі үшін «жаңалық» ашады. Зерттеу әрекеті баланы дамытады және ол шығармашылық арқылы көрініс табады. Зерттеу дағдысын қалыптастыру психологтардың айтуы бойынша жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту мен дамуы үшін өте маңызды. Оқушының зертеушілік дағдысының қалыптаспауы тұлғаның кез келген қиындықты жеңе алмауына, мәселені шешудегі дәрменсіздікке әкеледі. Оқушының қабілетін айтпаса, дамытпаса өз мүмкіндігінен төмен оқуына әкеп соғады. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге ұмтылыс бар. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Осы себептен де әр ұстаздың алдында оқушыға жаңаша білім беру үрдісін қалыптастыру міндеті тұр десек, сол міндеттің бірі оқушының өз бетімен білім алуға құлшынысын арттыру, әр түрлі әдіс тәсілдер арқылы олардың ізденушілік қабілеттерін дамыту болып саналады. Іздену жұмыстары арқылы оқушының ойлау қабілетін анықтап және олардың жетілуіне тиімді жағдай жасау. Балалардың ізденіс жұмысқа бейімделуі – терең білімнің негізі болып ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің даму кепілі болып табылады. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды. Сондықтан ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы керек. Ендеше мектепте оқушыны ізденіс жұмысына қатыстыра отырып ғылыми мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттің ашуларын көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді ізденіс жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Зерттеушілік процесс барысында оқушылар белгілі фактілер мен құбылыстарға берілетін түсініктемелер мен дәлелдеулерді өз бетінше іздестіріп, түсінуіне тура келеді.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету. «Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысымен айналысу оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулып, өз ойын тұжырымдауға дағдыландырады және өз бетімен ізденіс жасап, әрекет етуге бейімдейді. Ізденушілік, жаңа мәлесені шешу, жаңа ұғымдарды меңгеру сынды әрекеттер сабақ барысында қолданылуы, зерттеушілік дағдылардың дамуына жақсы әсер етеді. Себебі, біз дағды ол үздіксіз процесс негізінде қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы, 2007 жылғы, наурыз. - 49 б.
2. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2005 жыл - 11 б.
3. Осипова Л.В. Развитие познавательной активности учащихся младших классов на уроках познание мира//Начальная школа Казахстана. №7-8. 2010ж 37-39 б.
4. Өлімқұлова А.Б. бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру // «Бастауыш мектеп» №7,8 2014жыл. - 6-7 б.